

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы
30.12.2020 ж.

ForteBank Kassa Nova Банкінің 100% акциясын сатты

«ForteBank» АҚ Kassa Nova Банкінің 100% жай акцияларын Фридом Финанс инвестициялық компаниясына сату бойынша мәміленің жабылғаны туралы хабарлайды.

2020 жылғы тамызда ForteBank Kassa Nova Банкінің 100% жай акцияларын сату жөніндегі шартқа қол қойылғаны туралы хабарлаған болатын. Мәміленің жабылуы алдында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің мақұлдауын және басқа да қажетті рұқсаттарды алды.

Kassa Nova Банкі сапалы қаржылық қызмет көрсетуге маманданған, дербес, жақсы капиталдандырылған орта көлемді банк болып табылады.

ForteBank – еліміздің ең тұрақты, өтімді және жақсы капиталдандырылған банктерінің бірі. AQR қорытындылары ForteBank-тің жоғары сенімділігі мен тұрақтылығын растады. 2020 жылы ForteBank The Banker журналының пікірі бойынша үшінші рет Қазақстандағы Жыл банкі атанды. 2018-2020 жылдары Global Finance пікірі бойынша ForteBank Қазақстанның ең үздік банкі болып танылды және 2019 жылы Asiamoney пікірі бойынша Қазақстандағы ең үздік банк болып танылды.